

ғасырдың басындағы Алаш арыстарының бәрі де елдің қамы үшін сан-салалы ғылым туралы зерттеу мақалаларын жазып, халыққа дұрыс бағыт сілтеген. Ахаң да ауруды туындататын себеп-салдарларды өзінің білім-білігіне салып, терең зерделейді: «Ауру — денеге зарарлы нәрселерден болатын бүліншілік. Ол заралы нәрселерді микроб дейді. Микроб денеге орнап, көбейе бастаса, тәнге зарар келтіре бастайды. Тәннің қалыпты істеп тұрған істерін бұзып, бүлдіріп, денеге зарарлы улар жая бастайды. Қысқасы, заралы микробтар — дененің дұшпаны, жауы. Микробтар көп, олар дем алатын ауамызда да, ішетін суымызда да, жейтін тамағымызда да болады. Өздері көбейгіш, өсімтал келеді» [4, 239], — деп себептерін түсіндіріп алады да, енді одан құтылудың, оған қарсы күресудің жолдарын көрсетеді. «Жайлы орын тапса, тез өсіп-өнеді, олардан құтылу қиын, күтініп, қарсы қару жұмсап, жеңдірмес қана шарасы бар. Жау тиерін білгенде қандай күтінеді, бұнан да сондай күтіну керек. Жаудан күтінгенде жолына кедергі болатындай қорғандар тұрғызады, қарсы қару қылғандай мықты әскерлер қояды. Ауруға да соны істеу керек» [4, 239], — дейді А.Байтұрсынов.

Ахаң мақаласының соңында әдеттегіше өзінің қорытындыларын айтып, кеңестерін ұсынады. Елге толық мәлімет беруді, дәрігері жоқ жерде тәуір емшілерге қаралуды, дәрігерлердің ұқыпты, өз шаруасына тиянақты болуын, халық арасына ахуалды түсіндіретін шағын кітапшалар таратуды міндеттейді.

Ал Ахмет Байтұрсыновтың «Тәні саудың — жаны сау» деген 1922 жылы жазылған мақаласының сипаты әдепкі мақаладан сәл бөлектеу. Мұнда адам ағзасының жай-күйі, тазалық және гигиена мәселелері қамтылған. Алғашқы мақала әлеуметтік ахуалды талдауға арналса, соңғысының философиялық реңкі басымдау. Алдыңғысы нақты әрекетке, кейінгісі ойланып, тұжырым жасауға жетелейді. «Ауру құрттары адам тәніне дем алғанда ауамен кірмек я жеген тамақ, ішкен сумен кірмек, яки тән тән жараланып, тері жалаңаштанған жерінен кірмек. Ауру құрттарының өсіп-өніп, көбейетін, күшейетін жерлері күн жарығы кем түсетін қараңғы я қаракөлеңке орындар, нас, лас жерлер, иіс-қоңыс сасығы мол, салақ қатын ұстаған үйлер» [4, 321], — деп ұлы ғұлама тағы да өзіндік ұстанымын аңғартады. Осы шағын мақаланың өзінде Ахаңның аузынан шыққан сәтті тіркестер көптеп ұшырасады. Мысалы, «Аурулы тәннің әлі жоқ», «Тәнсіз жан жоқ, жансыз тән тұра алмайды», «Күнелту үшін ас керек, ас істеуге күш керек, күш жұмсауға ес керек», «Тән саулығының тамыры — тазалықта» деген секілді тіркестер мақалада көтерілген мәселені ашып көрсетуге де, оны жаппай оқытуға да қызмет етіп тұр. «Ауру адамның шаруасы азып, қарны тоя ас іше алмай, тіленшілік етіп телміріп, итшілеумен күнелтсе, ауру қаптаған халықтың да көретін күні сондай болады. Аурулы адам бір аяғы жерде, бір аяғы көрде болып, өлімге жақын тұрса, ауру қаптаған халықтың да халі сол сияқты» [4, 322], — деп Ахмет Байтұрсынов жалқыдан жалпыға қарай ойысады. Сол арқылы жеке адамдардың емес, бүкіл елдің тағдырын, ұлттың денсаулығын ойлап отырғанын аңғартады. Мақаланың идеясы қазақ ұлтын қайткенде сақтап қалу, ұрпақты аздырмау, елді тоздырмау екені белгілі.

Ғалымның барлық мақалалары осындай ағартушылық идеяны елдің санасына терең орнықтыру мақсатын көздейді. Айтарының бәрін де жалпыға бірдей ұғынықты тілмен жеткізеді. Жазғандарының бәрі қызықты оқылады. Осыған орай «Ахмет Байтұрсынов қазақ зиялыларының арасындағы күрескерлік бағытты ұстанған саяси топтың көрнекті жетекшілерінің бірі болуымен қатар өз шығармаларында өршіл рух, өзгеше сарын танытқан қаламгер болды. Азаттық пен бостандыққа бастайтын өткір қаруы — әрбір қазақ оқырманына түсінікті өлеңдері мен мән-мағынасы терең көсемсөздік еңбектері» [5, 4], — дейді ахметтанушы ғалым Өмірхан Әбдіманов. Сол тұрғыдан алғанда Ахмет Байтұрсыновтың денсаулық ісі туралы мақалаларының да қазақ жұртын аман сақтап, ұлтты жаңа сапаға көтеру жолында үлкен роль атқарғанын айтуға тиіспіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұрғали Р. Алып бәйтерек // Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. -Алматы: Жалын, 1991. -464 б.
2. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. -Астана: Фолиант, 2002. -474 б.
3. Сақ Қ. Ұлттық сана ұйытқысы. -Алматы: Қазақ университеті, 2001. -183 б.
4. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. -Алматы: Жалын, 1991. -464 б.
5. Әбдіманов Ө. «Қазақ» газеті. -Алматы: Қазақстан, 1993. -168 б.

Редакцияға 24.02.2010 қабылданды.

М.М.ОТАРАЛИЕВ

Ә.КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМ БОЛМЫСЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК БОЛМЫС МӘСЕЛЕЛЕРІ

In this article under the title of «The existence of human and social existence in works of the wise man Abish Kekilbayev» honor, philanthropy and other concepts of consciousness were analyzed in measuring of space and time. The wise man ideas like human liberty is not perfect and depends on range of nature laws, world harmony surrender to space principles was also investigated. In this article was showed that Abish Kekilbayev in his works endeavoured to embrace the relations of subject and object, human and world, individual and society, observance of the live principles and continuity of traditions.

Философия тарихында адам болмысы туралы антропологиялық ілімдер және әлеуметтік болмыс туралы социологиялық ілімдер баршылық. Қазақ дүниетанымын зерделеушілер де адам мен әлеуметтік болмыс мәселелерімен шұғылданды. Олар адамды таным теориясы мен дүниеге көзқарастың субъектісі, континуум өлшемдеріндегі биологиялық тіршілік иесі, социум шеңберіндегі - әлеуметтік-психологиялық жан, әлемдік заңдылықтармен тоғысатын діни-рухани сферадағы моральдық кісі ретінде пайымдайды.

Жазушы-ойшыл, Қазақстанның ірі қоғамдық-саяси қайраткері Әбіш Кекілбаев та адам болмысы мәселесін зерделеуде көркемдік таным мен поэтифилософияны нысанаға алып, тарихи-салыстырмалылық, герменевтикалық, психоанализдік принциптер негізінде ұлттық дүниетаным ерекшеліктерін қарастырады. Ретроспективтік-перспективтік бағдарды негізге алатын қаламгер адам болмысы мәселесін де тарихи мағыналық жады мен архайкалық дүниетаным ерекшеліктеріне сүйенуден бастап, адам болмысындағы табиғилық-әлеуметтік-психологиялық қырлары, еркіндік пен жауапкершілік мәселелері, әлемдегі адамның орны, волюнтаристік-фаталистік адам кейпі жөнінде ғақлиқатты ой кешеді. Ә.Кекілбаев шығармаларынан адамзатты толғандырып жүрген “мен кіммін және адамның ерекшелігі мен мұраты қандай?” деген сұраққа жауап іздеу байқалады. Бұдан, Батыс пен Шығыс ойшылдарын мазалаған адамзаттың тарихи кезеңдеріндегі осы мәселе төңірегінде жауап табуға ұмтылыс автор дүниетанымынан тысқара қалмағандығын көруге болады. Одан, адамзат болмысының көп жақтылығының көрінісі табылады. Мысалы, адам болмысының объективтілігін (тағдырлық) жеке дара алып қарастыратын болсақ, онда біз табиғи заңдылықтардың жалпыға бірдейлігіне негізделіп (туу, өмір, даму, өлім) бағытталған адам болмысын аңғарамыз.

Сонымен қатар, біздің шығармалардан ұғатынымыз автордың пайымдауындағы субъективті адамның тіршілік тәсілдерінің сан қилы ұйымдастырушылық қабілетінің өзі айқындауыш болмыс (жеке адам мақсаттары, тіршілік ету әдістері) ретінде өмір бастамасына септігін тигізетіндігі көрсетілгендігі. Ойшылдың ой кешулерінде адамның тіршілік ету тәсілдері мен шындықтың арасындағы қарама-қайшылық адамзат тарихындағы қажетті қозғаушы күш ретінде қала беріп, нақты өмірдің өзі лайықты түйін жасайтындығы. Мысалы, жазушының “Ханша-Дария хикаясы” [1, 175-219] деп аталатын шығармасындағы Шидүргі мен Гүрбелжін сұлудың өмір кешулерінің мәні - халық бостандығы мен еркіндігі үшін күресу тұрғысында суреттеліп, жеке бастық индивидуализм ығыстырылып, оның орнына қоғам тағдырын ойлаудан туған барша адамзаттың экзистенциалдық сарындары дәрежесімен ажыратылады. Автор қоғамдағы қатаң әлеуметтік иерархия бейнеленген жүйеде Шыңғыс ханның билігіне бағынбай, елінің азаттығы жолында күрескен Шидүргі мен Гүрбелжін сұлудың әрекеттері арқылы болмыстың әр түрлі қырлары тәрізді, өмір белестері мен тұрмыс қалыптарының сан алуандығы арқылы адам еркіндігін баяндайды. Бұл ретте адамзат тарихынан белгілі бір ақиқат жай - жеке адам мақсаттары, тіршілік әдістері, бұнымен қатар, адамзаттың көптеген мұраттарының орындала қоймайтындығына қарамастан, соның жолында табанды түрде күресе білгендігі көрсетіліп отыр. Яғни, адамның өзін-өзі айқындаған, таңдаған, өзі жасаған болмысы мен табиғи заңдылықтармен белгіленген фаталистік болмысының бірлігін тұжырымдау үшін және олардың ара жігін ажырату мақсатында, жазушы адам еркіндігі және оның өлшем шекарасын көрсетуде Шыңғысханның әрекеттері арқылы бейнелеп суреттейді. Мысалы, адамды түбегейлі (абсалютті) еркіндікте деп түсінген Шыңғысхан әрекеттері нәтижесіздікке ұшырап аяқталды. Демек, бұл жорамал түпкілікті ақиқат деп үзілді-кесілді, танылмай адам еркіндігінің мөлшері табиғи заңдылықтар шеңберіне тәуелділігі және оны мойындау мен құрметтеу қатынасы тұрғысынан қабылдау қажеттігі туралы тұжырымы “адам және әлем” мәселесіндегі тақырыптар деген қортындыға алып келеді.

Осыған орай, Ә.Кекілбаевтың шығармасында адамның өзінен тәуелсіз табиғи болмысының айқындайтын әрекеттері, оның қоғамдағы орнына алып келетіндігі бүкіл әлемдік үйлесімділік,

ғарыштық принцип талаптарына сөзсіз бағынышты қызмет етуге арналатындығын аңғартады. Бұл идея адамның еркіндігінің мөлшері түбегейлі (абсолютті) емес, табиғи заңдылықтар шеңберіне тәуелділігі - адам объективті шындықтың қызметшісі мен өзіне тиесілі өмір уақытын жасаушы емес, әр түрлі жағдайларда өткізуші ретіндегі еркіндігінің бірлігі болып шығатындығы арқылы көрсетілген. Мысалы, жазушының осы идеясын Герольд Белгер де қуаттайды: “Бұл повесть Шыңғысхан туралы көне аңызға құрылған: өз кеудесінің желіне өзі семірген ұлы әмірші таңғұт елін түп-түгел қырып тастаса да, осы елдің ханшасы Гүрбелжін сұлудың аппақ тәнінен сусындай алмай, ақыр соңында әйел қолынан мертігеді” [2, 8].

Бұл орайда Ә.Кекілбаев шығармасынан біздің ұғатынымыз Шыңғысхан адамзатқа қоғамдағы еркіндігін орнатқанмен, Гүрбелжін сұлудың алдында дәрменсіз болып шығуы еркіндіктің шектеулілігі мен әлемдегі адамның орны көрсетілді. Сонымен қатар ар-ұждан, адамгершілік сананың көптеген ұғымдарының кеңістік пен уақыт өлшемдерінде сарапқа салынып талданғанын көріп отырмыз.

Мәселе, бұл жерде Шыңғысханды тарихи тұлға ретінде дәріптеу, жай ғана қолбасшы немесе жағымсыз түрде бағалау басты мәселе емес, негізгі түйін концептуалды адам болмысындағы еркіндік философиясының дәйектелуі екендігін атап көрсетуімізде. Себебі, адам болмысындағы еркіндік мәселесін ашу үшін Шыңғысхан мысал ретіндегі ғана прототип.

Сондай-ақ, ойшыл өз еңбектерінде адамның рухани еркін даму диалектикасында белгілі бір материалдық және рухани жағдайлармен бірге оның белсенділігін, адамзаттық мұраттар жолында күресе білуінің қажеттігі туралы ой тастаған. Айталық, адам материалдық жағдайларға ғана тәуелді емес, сонымен бірге ол өзінің болашақ еркін өмірі үшін жағдайлар жасауға қабілетті. Осы жағдаятта адамның өзінің мақсат-мұратына жету жолының нәтижесі әлеуметтік уақыт ағымымен іске асырылады. Яғни, адамның әлеуметтік өлшемдеріндегі статусын адамзат қоғамдағы жалғандық пен алдамшылық тәрізді болып көрінетін критерийлер арқылы “өмірдің мәні « философиясын айқындауға мүмкіндік береді.

Жазушы шығармаларының желісінде адам мен табиғат үйлесімділігі адамдар арасындағы қатынастың үйлесімділігінде де көрініс табуы қажеттігі айтылады. Адамның жердегі қарапайым тіршілік әрекеттері мен әлемдік болмысы байланыстырылып, тарихи тәжірибенің өзіндік ерекшелігіне негізделген қазақ қоғамының рухани өмірі мен оның өзіндік болмысы, өзіне тән қалыптары жан-жақты көрсетілген. Ә.Кекілбаевтың шығармалары қазақ халқының шынайы өмірі, олардың дәстүрі мен тұрмыс жайы бейнеленген әдеби туындылар. Оларда адамдардың өздерінің тұрмыс қалпына енетін тіршілік жағдайлары мен өмір сүру тәсілдеріндегі әр түрлі нышандар көрініс тапқан. Онда қазақ халқының тіршілік болмысымен шектелмей, жалпыадамзаттың қоғамдық қатынастары мен олардың ішкі дүниесін түсінуге ұмтылыс орын алғандығын байқаймыз. Мысалы, жазушының салттық мистерия сипаты көрсетілген адамдардың тарихи кезеңіндегі тіршілік әрекеттері бейнеленген “Күй” деп аталатын шығармасын атап көрсетуге болады. Бұл жөнінде Н.Оразалин былайша тұжырымдайды: “Қазақ сахарасы мен түркімен құмының қым қуат мінезді естен кетпес суреттерді жасай отырып, автор әлгі суреттерде кейіпкер жан дүниесін ашуға шебер пайдаланды... Қысқасы, адам жанының қалтарыс-бұлтарысын көркем сөздің қуатымен қапысыз аша отырып, оның айтып тіл жетпес әлем тапырақ ішкі халін Жөнейтхан трагедиясымен тәубасы арқылы беру оқиға өзегін нанымды өру жазушының ғана емес, күллі қазақ көркем прозасының жетістігі екені күмәнсіз” [3].

Сонымен қатар Ә.Кекілбаевтың бұл шығармасында күйшінің әрекеті тыңдаушысы үшін қолайлы ахуал туғызатындығы айтылады. Алайда, барлық тыңдаушының эстетикалық талғамы түйсіну, қабылдау деңгейі, ақыл-ой өрісі, тіпті қиялдау ауқымы бір еместігі Жөнейтхан образы арқылы көрсетіледі. Бұл ретте адасулар мен жалған сенімдердің нәтижесіне сүйенген Жөнейтхан әрекеті әрбір адамның ауқымды әлеуметтік және адамгершілік жауапкершілігін, оның адамның мұратына байланысты алар ролі мен орнын жіті бағаламағандығының арқасында оны қателікке ұрындырғандығын байқаймыз. Жазушының шығармасында фетиштік сипаттың көрініс табуы, күмбірлеген күй дыбысы арқылы Көкке еліктіретін архетиптерді оятып, адам мен әлемнің біртұтастығын сезіндіріп, символикалық қызмет атқаратындығы Жөнейтхан рухының объективті өлім алдында дәрменсіздігін ұғындырады. Яғни, автордың бұл туындысынан адамзаттың тарихи тәжірибесіндегі оның рухани жүйесін, ырымдарын, қатынас әрекеттерін, сол заманғы нышандардың қалыптарын түйсініп қабылдауға болады.

Демек, бұл жерде тұтастықтар мәселесін алып қарасақ, ойшылдың философиясында ең ақырғы ғаламдық тұтастыққа енетін салыстырмалы түрдегі шағын тұтастықтардың түзілісі мен олардың өзара байланысы жүйесіне негізделіп, дүние тұтастығына философиялық ойтолғамдар

жасағанда, оны жеке дара қарастыруға келе қоймайтындығы қағидаларын жоққа шығармаған. Рухани адам әлемі – адамның биологиялық-физиологиялық болмысы – «өзіне-өзі-болмыс» осы шығармада ұлттық дүниетаным бойынша ниетті түрде сарапталады.

Бұл орайда адам мен әлем үйлесімді бірлікте, байланыста болатын қоғамдық процестер, табиғат, адам, ой, идея т.б. тәрізді болмыстың қырларын, әлеуметтік қабаттардың шарттылығы арқылы қоғамдың тұтастығына негізделген идеяларын туындатып, ең басты айырмашылығы өмір сүру формаларының әркелкілігінде екендігін ұғамыз. Айталық “Аш бөрі” деп аталатын шығармасында дала кезген күйшінің әрекетіндегі ел аралап кетуінен - адам мен әлем концепциясындағы адамзат пен табиғат қатынастарының дәрежесі мен өмір сүру болмысының сақталуы табиғи заңдылық пен субъектінің өмір сүру бірлігіне негізделетіні көрінсетеді. Сөйтіп, халқымыздың өміршеңдігі, жетілуі ғарыштық принциппен дәйектеліп, тұтастықтың бөлшегі ретінде бейнеленген. Бұл еңбегінде адам - табиғат қатынастарының биік дәрежесі және бұндай сезімдік қатынастың құрмет тұтуға әкелетіндігі дүние - адам болмысының өміршеңдігінің қажетті шарты мен қамқоршысы тұрғысынан қарастырылып дәлелденгендігімен ерекше. Ойшылдың шығармаларындағы осы оқиға желісінен өмір сүру болмысының сақталуы - табиғи заңдылық пен өзінің өмір сүру әрекетінің нәтижесіне негізделген, - деген ой өрісін байқауға болады. Осылай адамның табиғатпен үйлесімділікте болуы мен әлеумет бірліктерінде қамтылуы автордың оған ерекше маңыздылық сипат беруімен аңғарылады.

Кекілбаевтың идеяларында моральдық сана принциптерін игеру арқылы адамзат тіршілігінің мәні мен мақсаты бар екені туралы тұжырым жасау өмірдің мағынасы мәселесіне айналатындығы дәрежесінде қамтылған: “Адамның өзі құндаққа сыйғанмен, қалыпқа үйренгенмен, арының тар қалыпқа сиып, қасаң дағдының тар ауқымына көне беру еш мүмкін емес” [4]. Көркемдік таным герменевтикасы бойынша: «Құндақ» - өмірдің басталу символизмі, «қалып» - оның аяқталу сәтінің ниеті болса, тәннің материалдық шектеулілігі арқылы жанның рухани деңгейін өлшеуге болмайтындығы тұжырымдалады. Тән мен рух аналогиясынан туған сараптамалық тұжырым: рухты тәннен жоғары қою. Моральдық принцип - «арға» шексіз рухани әлемде шексіз еркіндік қажет. Яғни, «ар» арқылы көрсетілген рух еркіндігін тежеуге келмейтін және бостандықты талап ететін ішкі стимулдары ұсынылады. Табиғи адам болмысындағы ар бостандығы әлеуметтік болмыста да сақталуы тиіс, себебі «ардың» болмысы шектелмейтін бостандық, ол - әлеуметтік әділетсіздіктердің, моральдық құлдыраудың тірек нүктесі. Бұны дәстүрлі қазақ менталитеті: «Жаным-арымның садағасы» деп қысқаша байыптаса, XIX ғасырдағы ұлттық философия тарихының өкілі - Ш. Құдайбердиевтің «үш анық» бірлігі осы «ар» субстраты перифериясындағы мәселелер [5, 6]. Адам болмысының табиғи: туу мен өлу процесінің аралығындағы өмір сүрудің рухани-жан болмысының негізіндегі «ар» принципін ұсынған ойшыл дәстүрлі этикоцентристік дүниетанымды байыта түседі.

Жазушының пайымдауында, осындай тұрмыстық негіздерден бастау алатын дүниеауи құндылықтарға ұмтылу және материалдық пен руханилық пен кезекпен шығаратын өмірлік мәндерге айналдыру материалдық игілік пен даңққа шексіз ұмтылуды, сәйкесінше аскеттік өмір кешу мен даналыққа жетуге талпынысты негізгі мақсаттар деп қабылдап келген адамзат әрекеттерінің макрокосмдық әрі микрокосмдықты қамтитын мәнділіктерге де ұласатындығы байқалады. Бұл мәнділіктер адамзат тіршілігінің жалпы негізгі мақсаттарына әрі міндеттеріне айналып, өмірдің мәнін алмастыру арқылы жүзеге асады. Осыған орай, байлық пен даңқты өлім мәселесі арқылы өмірдің мәні бола алмайды деуге толық мүмкіндік бар. Кекілбаев мұны қалт жібермеген: “Өмір шекті болған соң - бәрі шекті” [4].

Ойшыл барлық шығармаларында адам проблемасын жан-жақты қамтыған деуге толық негіз бар. Оларда оның жарық дүниеге келіп, адамгершілік таным тұрғысындағы көзқарастары қалыптасып, өлгенге дейінгі аралықтағы өмір құбылысы мен тіршілігі көрсетіледі. Мысалы: “адам мен адамзаттардың армандары ешқашан аласармайды” тұжырымына үңілсек, үлкен мән-мағына ой жатырғандығын аңғарамыз. Яғни, адам баласының тууы мен өлуі арасындағы тіршілік әрекеттерінде мақсатсыз, мұратсыз өмір сүру мүмкін еместігін байыптайды. Демек, адам әуелі өзінің қажыр-қайраты мен еркі арқылы талмай еңбек жасаса, өмірі бос өтпейді, алға қойған мұрат-мақсатына жетуіне болады. Адам мен әлеуметтік болмысты ашу экспликациясының қырларының бірі де осы - «аласармайтын арман»:

- Рухтың биік деңгейінде сақталуының асқақтық эстетикасы.
- Ұмтылыс пен жігер күшін стимулдандыратын витальдылық.
- Идеяды перспективаға жетелейтін оптимизм.
- Шынайы өмірдің романтикалық аспектісі.

Сондай-ақ Кекілбаевтың философиясында ұрпақтар сабақтастығы қағидасы шығармаларының өн бойынан кездесіп отыратын мән. Айталық, қоғамдық қатынастар жүйесінде кездесетін проблемалар мен міндеттердің жүзеге асуының барысында, адам рухының қажеттігі мен адамзат болмысының ең басты мұратын айғақтайды. “Елең-алаң” атты шығармасында: “Жер бетінен көзін жойғысы келмейтін ілгері тілеулі қауымға түптеп келгенде, қызыл қарын жас баланың қамынан артық мұрат болмаса керек. Ол жолда қамқор әке, қамқор ана неге пейіл болмаушы еді” [6,423] деген ой толғауларынан Ә.Кекілбаевтың адам өмірінің барлық саласына, материалдық және рухани құндылықтарды қоса есептегенде жалғастыққа, тұтастыққа ерекше мән бере білгендігіне көзіміз жетеді. Әлеуметтік болмыстың жалпылама талабы - жеке адам болмысының шарты - ұрпақ; адам мен адамзат болмысының болуының өзі. Адам болмысындағы табиғи-биологиялық түр ретіндегі аспектісіне тоқталған ойшыл, өз болмысының сақталуын негіздейтін сабақтастық адам болмысының табиғи-әлеуметтік жағы болып қайта құралатынын да негіздейді. Оның ойынша, «баланың қамы» - адам мен адамзат болмысының болуының қайталамалы үздіксіз «қамы» екендігі түсінікті. Оны автор «ең артық мұрат» деп бағамдайды, себебі ұрпақсыздық адам болмысының жойылуы, басқа проблемалар келесі жоспардағы мәселе болып қала беретіндігі түсінікті жайт.

Ойшылдың шығармаларында бүгінгі ұрпақ пен келешек иелерінің адамзаттық құндылықтарды игеруіне де баса назар аудара келіп, ең басты міндет - осы құндылықтарды келесі ұрпаққа трансформациялаудың жалғасуы екендігі де дәйектелген. Мысалы, оның ой толғамдарында мынандай түйіндер бар: “Ұрпақтың ұрпаққа қалдырар ең асыл мұрасы - өзі бастан кешкендерден түйген азды-көпті рухани тәжірибесі. Одан қол үзген қауым – келешегінен қол үзген қауым ” [4]. Бұл ретте жазушының айтуына қарағанда адам адам болып жаратылғалы оның көзінің айқын жеткен нәрсесі, ол - уақыт талабы, тарих сабағы. Айталық, адамзат болмысының өміршеңдігінің де барлық тірі ағзалар (организмдер) сияқты ұрпақтар алмасып отыратын үздіксіз процеске негізделуі - адамдардың белгілі бір уақыт өлшемдеріне бағыныштылығы арқылы олардың (жеке адамдардың) болу және болмау құбылыстарын модустарға айналдырады, әрі ғарыштық қағидаларды қабылдауына алып келеді. Яғни, адам болмысының сабақтастығының «табиғи жағы - баланың қамы, әлеуметтік-рухани жағы - тасымалданатын тәжірибе» деген қағида да әлемдік заңдылықтарға бағынады деген сөз. Бұл айнымас позиция әсіресе қазақ экзистенциясына тән.

Сонымен қатар, Ә.Кекілбаев көп жағдайда концептуалды адам болмысы адамның өзіне, оның нақты іс-әрекетіне байланысты,- деген идеяны қуаттайды. Ал адам шынайы қоғамдық қатынастардың, нақты жағдайлардың өзгеріп отырғанына қарамастан өзінің жарқын болашағы үшін өмір бойы күресе білуге қабілетті. Осыны терең түйсінген ол: “Қандай заманда өз бақыты жолында күресе білмейтін адамның өз өмірін мазмұнды, мағыналы ете алуы еш мүмкін емес” -деп ой түйеді.

Бұл орайда адамның жарық дүниеге келуі мен қартаюы және өлім алдындағы дәрменсіздігі аралығындағы уақыт өлшемі өте қысқа, әрі өткіншілігі «тез» түрінде, сондықтан, олардың жарқын мұраттарға жету жолы бірнеше ұрпақтар арқылы қалыптасады. Яғни, адамдардың өз кезегінде әр жастағы және әр кезеңдегі ұрпақтардың материалдық және рухани іс-қимылын нақтылау, олардың өмірлік тәрбие жүйесін, алған білімін практикамен ұштастыра білу проблемасында айқын көрінеді. Бұл ретте адам болмысының табиғилығын негіздейтін мүддесі мен әрекеттерінің әлем заңдылықтарына қайшы келмей, үйлесімдікте болу керектігі жеке мен жалпы қатынасындағы субъективтілік пен объективтіліктің бір негізділігі дәрежесіне жалғасып жатады. Яғни, бақыты үшін күресу - субъективтілік, күресе білу шарты мен адамдық болмысы - объективтілікті құрайды. Бұл жердегі өз бақыты жолында күресу биологиялық- табиғи өзін-өзі сақтау инстинктісінен туындайды, кез-келген тірі организм мақсаты үшін күреседі, ал, бақыт оның жинақталған, жүйеленген, мәдениеттендірілген әлеуметтік формасы.

Ойшылдың әрбір шығармаларындағы идеяларында адамдар тіршілігінде маңызды орны бар этикалық концепциялар, ізгілік, тәжірибелік, мінез-құлық сияқты адамгершілік Ұғымдарын қамтып отыр деуге толық негіз бар. Себебі адамның әділдік болмысы - әлеуметтік болмыстағы әділеттілік, өмірдің әділдігі - «адамның өзі- болмысының» әділеттілігіне сәйкес келетіндігі де анық. Объективті өмірді субъективті әділеттілік өмір бағындырады, әділеттендіреді, бірақ, объективті өмір неғұрлым бейтарап хаос, оны әділеттендіру керек – адамдардың әділдігі инструментализмі арқылы деген логика түйінделеді. Осыған орай автордың ой-пікірлерін философиялық тұрғыдан тұжырымдайтын бірнеше өсиет нақылдар мен қанатты сөз тіркестерін кездестіруге болады. Адамның тұлға ретінде қалыптасу процесінде өскен ортаның, әлеуметтің рөліне үлкен мән бере отырып, ұлы жазушы әркімнің өзін-өзі жүйелі түрде тәрбиелеп отыруы керектігіне айрықша

көңіл бөледі. Енді оның пайымдауынан алынған мына фрагментке көңіл аударайық: “Арлы адам-ең күшті адам. Өйткені, ол өткінші бақыттың, өткінші қайғының ырқына мойын ұсынбайды. Сондықтан оның тағдыры қиын болуы, ауыр болуы мүмкін, өкінішті болуы мүмкін емес” [4]. Бұл ойдың маңыздылығы: адамзаттың тіршілікте көбіне уақытша қолы жеткен табысқа масаттануынан қателікке ұрынатындығы айтылып, сонымен қатар жақсылық пен ізгілік атаулы кей кезде зұлымдық пен зорлық-зомбылықтан жеңіліс тауып жатқанмен күрескерлік өмір мен ондағы нәтиже және табан асты жеңістен гөрі адам болмысының рухани жеңісі қымбат екендігі, адамдардың рух мықтылығы арқылы өзінің өзіне еркіндігін орнататындығы көрсетілуінде. Бұл арқылы жазушы әркімнің өзін өзгелердің көзімен қарап, істеген ісіне талдау жасауға, өзінің іс-қимылына, өзін-өзі тексеруден өткізуге үндейді. Ойшылдың ар мен ерікті байланыстыратын күрделі этикалық концепциясы осылай құралады. «Қиын», «Ауыр», бірақ «Өкінішті» емес өмір – ойтолғамы қазақ халқының төлтума, ешкімге ұқсамайтын менталитетінен хабардар ететін өмір философиясы, нақты тіршіліктің адамзат үшінгі ғибраттық педагогикасы, қазақ халқының этникалық антропозикасы, рухтандыру жігерінің намысшылдық моралі болып табылатын әмбебап жалпылама тұжырымдама.

Кекілбаев шығармаларының тағы бір ерекшелігі - қазақ даласының ұрпақтары оның еңбектерін оқу арқылы мәнді өмір сүруге қажетті керемет күш-қуат алатындығы. Себебі автордың еңбектерінде қазақ қоғамының үлкен әлеуметтік мәселелері, жеке адамның әлеуметтік белсенділігі процесінде сана-сезімнің жігерлі творчестволық ролі көрініп, ол (адам) өзіне дейінгі ұрпақтың тәжірибесі мен біліміне сүйенетіндігі көрсетіледі. Мәселен, ол: “Кешегілердің еңбегін елемесек, бүгінгіміздің көңіліне қарамасақ, ертеңгілерді қайдан қарық қыламыз?!” - деп ой түйіндейді [4]. Бұл ой түйінен ұғатынымыз адамның қызметі мұрат-мақсаттары мен нақты шындықтың арасын байланыстырады, сонымен қатар, бұл жерде ішкі қайшылықтар қоғамдық мұраттардың туындауына себепші болады. Ендеше қоғамдық қатынастардың даму барысында адамзат мұраттары өзгеріп, өмірлік тәжірибелермен байытылып отыратындығы автор көзқарасынан тысқары қалған жоқ. Кеше мен бүгіннің конвенционализмі ертеңгінің қамы болып шағады.

Адамдар дүниеде тек қана өмір сүрумен шектелмейді, олар айналадағы ортаға және өздеріне-өздері ерекше әсер етуге қабілеттілігі де жазушы шығармаларында да бейнеленген. Бұл орайда олардың (адамдардың) ерік жігері, іс-әрекеті, қабілеті белсенді болатындығы рас. Яғни, олар планета болмысына және жалпы болмысқа, қоғамның өркениетіне байланысты ұдайы алаңдаушылық сезім-күйде, жауапкершілікте болу керек. Бұл ретте автор танымында адам мен әлем байланысындағы субъектінің эмоционализмі арқылы дүниені құрметтеуге айнала отырып, дүниедегі қатынастар туралы ой кешіп, тіршілік негізіндегі көзқарастарды сақтай отыра, адам мәселесіне қарай бет бұрып, онтологиядан антропологияға қарай ойысқандығын көруге болады: «Адам нәсілін жер бетіне баяндатып тұрған бірден бір күш мейірім мен рахым ғана». Осындай оның шығармаларында кездесетін идеяларынан жер бетіне орналасқан адамзат дүниеге антропоцентристік және эксцентристік көзқарас қалыптастыра отырып, адамның әлемдегі орнын, еркіндігі мен тәуелділігінің шеткі мөлшерін ажырату нәтижесіне сүйеніп, оның қайшылығының шешілуінің мәселелерін көрсетуге тырысқандығы аңғарылады. «Мейірім» мен «рахым» - адамзат болмысының сақталуының рухани күші бола тұрып, өмір сүру үшін мейірім мен рахымға тәуелділікті құрайды. Ойшыл адам мен адамзат болмысын үнемі даму мен динамикалық тұрғыдан зерделейді: «Ата-баба – қазіргі - ұрпақ.» мирасқорлығын баса көрсетеді, өйткені, табиғи-объективті сабақтастықтың өздігінен табиғи, ал, әлеуметтік-рухани мирасқорлық субъектілік объективтілік болып табылады. Сондықтан, автор өткен мен бүгінгінің арасындағы байланысты да табиғи объективті түрде қарастыру қажеттігін тұжырымдайды: «Ол үшін әр бір адамға адамзаттың өткендегі тындырғанының алдында «тікелей мұрагерлік», бүгінгі тындырмағаның алдында «тікелей міндеткерлік», ертеңгі тындырмағының алдында «тікелей жауапкершілік» деп ұғатындай терең зерде, тарихи сана керек. Ол кім, адамзат пен өзінің, әлем мен өлкесінің, тарих пен өмірінің арасындағы байланысты табиғи бірлікте қарастыра алса ғана мүмкін болады. Әйтпесе өз төңірегіндегі мәдени мұралардың мән-маңызына немқұрайды қарайтын рухани нигилизмге, не солардан басқа ештеңеге басы ауырмайтын рухани томаға тұйықтыққа ұрынады» [7,37]. Бұл үшін табиғи сабақтастықтың: «өткен-мұрагерлік, қазіргі-міндеткерлік, ертеңгі-жауапкершілік» болып табылатын әлеуметтік этизмдік функционализмін ұсынады. Бұл ойшылдың диалектикалық ойлау үрдісіндегі триадалыққа сүйену методологиясы бойынша құрылған.

Сонымен жазушы Әбіш Кекілбаев әдеби туындыларында ар-ұждан, адамгершілік, сананың

көптеген басқа ұғымдары кеңістік пен уақыт өлшемдерінде сарапқа салынып, талданып, адам еркіндігінің мөлшері түбегейлі (абсолютті) емес, табиғи заңдылықтар шеңберіне тәуелділігі оның қоғамдағы орнына қайтадан алып келетіндігі бүкіл әлемдік үйлесімділік, ғарыштық принцип талаптарына сөзсіз бағынатындығы туралы идеяларында көрсетілді. Ұлы жазушының шығармаларының мазмұнынан жеке тұлғалардың психологиялық жан күйзелісін шебер бейнелеуінен, жан мен тәнді, мәңгілік пен өткіншілікті, болмыс пен болмауды, трагифилософиялық толғаныс пен дүниенің сыры туралы ой кешуді ұғуға болады. Яғни, ол субъект және объект ара қатынасы, адам және әлем, индивид және қоғам, оның өмір сүру қағидаларын сақтау мәселелері мен дәстүр сабақтастығын өз шығармаларында жан-жақты қамтып отыруға ұмтылысымен танылады.

Заманымыздың ұлы ойшылы Ә.Кекілбаев шығармаларында қоршаған ортаға, өзгеге деген ынта-ықылас адамзаттың дүниетанымына білім қосып, білмекке итермелейтіндігі бейнеленген. Оның шығармаларында адамдар өзінің мұратына, халқына, жалпыадамзаттық ар-ожданның алдында адал болуға тиістігін объективті негіздермен көрсету дәйектелді. Яғни, адам мен әлеуметтік болмысты ашқан ойшылдың философиясы тұтас тарихи түрдегі, қазіргі және болашақтың жай-күйін тұтас қамтуға бағытталады және этикоцентризмдік принцип үнемі адам мен қоғам дамуының табиғи-заңды атрибуты ретінде көрсетіледі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Өлке, 1999. -Т.2.- 400 б.
2. Кекілбаев Ә. Шыңырау: Роман және повестер.-Алматы: Жазушы, 1982.-456 б.
3. Оразалин Н. Аңыз бен ақиқаттың алып кеңестігі. -Астана ақшамы. -1999. -11 желтоқсан.
4. Кекілбайұлы Ә. «Ақиқаттың мекені - жүрек». Егемен Қазақстан. -2002. -6 желтоқсан.
5. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. -Алматы: Қазақстан, 1991. -80 б.
6. Кекілбаев Ә. Елең-Алаң. Роман.-Алматы: Жазушы. 1984.-432 б.
7. Кекілбаев Ә. Заманмен сұхбат ой толғамдар. -Алматы: Жазушы, 1996. -592 б.

Редакцияға 4.02.2010 қабылданды.

Ж. М. САДЫКОВА

АКТИВИЗАЦИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В ФИЛОСОФСКОМ, ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОМ ИССЛЕДОВАНИЯХ

In clause the essence of activization of kogniting activity is deeply investigated from the point of view of philosophical psychological pedagogical sciences. And There are the conclusions in this aspect in clause are made.

В современных условиях модернизации системы образования на одно из первых мест выдвигается дидактический принцип активности и самостоятельности обучающихся. В этой связи возникает необходимость поиска таких приемов и методов обучения, при которых, формируются интеллектуальные качества личности, развиваются творческие и познавательные способности в совокупности с трудовым, нравственным и эстетическим воспитанием.

Для достижения этой цели мы хотели бы провести теоретический анализ философских, психолого-педагогических исследований, посвященных проблеме активизации познавательной деятельности обучающихся.

Итак, начнем с философии. Сущность познавательных отношений человека к миру заключается в активном и целенаправленном поиске и получении им знаний.

Познание - есть духовная сторона практической деятельности человека; высший уровень информации, достигаемый человеком целенаправленно; это социальный заказ в виде актуальных потребностей общества; если в средние века на познание огромное влияние оказывала церковь, в XX веке - это потребность изучения космоса [1].

Познание - это всегда творческий процесс, а его главным критерием являются новизна и общественная значимость полученных результатов.

Познание развивается, т.к. у общества появляются новые потребности. Познание есть переход от улавливания внешних свойств к изучению внутренних связей: от живого содержания к абстрактному мышлению.

В философии под практикой принято понимать деятельность человека, направленную на преобразование окружающего мира. Основной формой практики является труд.

Таким образом, познание это отражательная деятельность человека, проявление духовной стороны практической деятельности и целенаправленное достижение высшего уровня